

«Ақтөбе облысының білім басқармасы Хромтау ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынының кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің №1 хаттамасы

30 наурыз 2026жыл

Хромтау қаласы

Қатысқандар саны - 20 адам

Шақырылғандар: -11 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1.«№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының басшы м.а: С.С.Баймагамбетованың бөбекжай-балабақшасында өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы туралы есебі.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. Ұ.М.Жаналин- қамқоршылық кеңесінің төрағасы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, «№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасында 2026 жылдың 10-20 наурыз айы аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Бөбекжай-балабақшаның өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді балабақша меңгерушісінің м.а: С.С.Баймагамбетоваға берді.

СӨЙЛЕУШІ:

С.С.Баймагамбетова -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, балабақша меңгерушісі;

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығына сәйкес «№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының кезектен тыс өткізілген №2 кіші педагогикалық кеңесінің шешімімен 2025-2026 жылдың 10-20 наурыз айы аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер негізінде зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «**жақсы**» деген қорытынды берілді. (*слайдпен бағалау парағы көрсетілді*) Бөбекжай-балабақша қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен

жарактандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Бөбекжай-балабақша педагогтары мен ата-аналарынан және мектеп алды даярлық тобының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден телеграм каналы арқыл онлайн сауалнамалар алынды.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі бөбекжай-балабақша қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, сонымен қатар педагогтардың жоғары білім санын арттыру керек екенін ескертті.

Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Ұ.М.Жаналин өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтынын атап өтті.

Балабақша басшы м.а. С.С.Баймагамбетова бұл мәселенің күн тәртібінде тұрғандығын айтты.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Бөбекжай-балабақша басшысы өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. «№9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы балабақша сайтында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі бөбекжай-балабақшасының интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрағасы:  Жаналин Ұ.М.


Хатшы:  Сапина А.Ж.



И.А. Джанадилова



Б.С. Кияшева



С.Т. Есжанова



Ж.Ж. Ильтаева



Ж.О. Тлеумаганбетова



Г.К. Бижанова



Ж.Т. Тулегенова



Г.К. Азирбекова